

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ  
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»  
ЧФ «Халық»

---

---

## THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

# 1 (407)

JANUARY – FEBRUARY 2024

---

ALMATY, NAS RK

---



В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой

грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и WoS и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## **УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагадинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 1. Number 407 (2024), 324–336  
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.676>

FTAMP 17.71.01

© **A.T. Tulebayeva<sup>1\*</sup>, M.K. Aitimov<sup>1</sup>, Sh.M. Maigeldiyeva<sup>1</sup>, N. Yulduz<sup>2</sup>,**  
**2024**

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda;

<sup>2</sup>University of Haci Bayram Veli, Republic of Turkey, Ankara.

E-mail: [aidyn42@mail.ru](mailto:aidyn42@mail.ru)

**PHILOSOPHICAL AND DIDACTIC MOTIVES AND PEDAGOGICAL  
VIEWS IN THE WORKS OF THE POETS OF THE LAND OF SYR**  
(based on the works of Zhusip Yeshniyazuly)

**A.T. Tulebayeva** — Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

E-mail: [aidyn42@mail.ru](mailto:aidyn42@mail.ru)

**M.K. Aitimov** — Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

E-mail: [mak0307@mail.ru](mailto:mak0307@mail.ru)

**Sh.M. Maigeldiyeva** — Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

E-mail: [sharban56@mail.ru](mailto:sharban56@mail.ru)

**N.Yulduz** — University of Haci Bayram Veli, Republic of Turkey, Ankara

**Abstract.** At the present stage of our history, when the country, with the acquisition of sovereignty, began to revive its spiritual wealth, it is necessary to review, rethink some of the topical problems of literary criticism, Kazakh literature and, in particular, Kazakh poetry, which reflects the true picture of the fate of the people and their national interests. One of the issues requiring comprehensive consideration is the issue of philosophical and didactic motives in the works of zhyrau poets, which originates in the literature of the era of the Kazakh Khanate. Traditional Kazakh philosophy, worldview, when compared with Western and Eastern philosophy, have their own distinctive features. In their works-tolgau (reflections) poets-zhyrau reflect and call the people to unity, philanthropy, morality. The works of akyns-zhyrau of the land of Syr are characterized by their specific features and peculiarities. The poetry of the poets of our region is the subject of many studies. We consider their poetry from the point of view of reflecting in it the philosophical worldview and pedagogical views. This article analyzes the lyrical poems of the outstanding representative of traditional didactic poetry Zhusip Yeshniyazuly, examines his pedagogical views,

the individuality and skill of the poet, the patterns of continuity and traditions in his work.

**Keywords:** philosophy, pedagogy, didactics, poet, zhyrau, storyteller, land of Syr, edification, outreach, tradition, worldview

© А.Т. Тулебаева<sup>1</sup>, М.К. Айтимов<sup>1</sup>, Ш.М. Майгелдиева<sup>1</sup>, Н. Йылдыз<sup>2</sup>,  
2024

<sup>1</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда;

<sup>2</sup>Қажы Байрам Вели университеті, Түркия Республикасы, Анкара қаласы.  
E-mail: [aidyn42@mail.ru](mailto:aidyn42@mail.ru)

## СЫР ӨңІРІ АҚЫНДАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ- ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫНДАР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

(Жүсіп Ешниязұлы шығармалары негізінде)

**А.Т. Тулебаева** — Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда  
E-mail: [aidyn42@mail.ru](mailto:aidyn42@mail.ru)

**М.К. Айтимов** — Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда  
E-mail: [mak0307@mail.ru](mailto:mak0307@mail.ru)

**Ш.М. Майгелдиева** — Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда  
E-mail: [sharban56@mail.ru](mailto:sharban56@mail.ru)

**Н. Йылдыз** — Қажы Байрам Вели университеті, Түркия Республикасы, Анкара қаласы

**Аннотация.** Ел егемендігі еңсемізді көтеріп, рухани дүниемізді түгендей бастаған қазіргі кезеңде, халық тағдырының шынайы көрінісін, ұлттық мүдде мен болмыс-бітімін айшықтап берер әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін қайта сын елегінен өткізіп жатқан қазіргі таңда әдебиеттің тарихын, қазақ поэзиясының кейбір мәселелерін қайта қарау қажеттігі туындап отыр. Соның ішінде әлі де болса, жігін ашып, арнайы қарастырылатын мәселе – қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттен бастау алар жыраулық философиялық-дидактикалық сарын мәселесі жан-жақты қарастырылады. Қазақтың дәстүрлі философиясы, дүниетанымы батыс және шығыс философиясымен салыстырғанда өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Ақын-жыраулар жырларының заман жүгін көтерер мәселелерінің бірі – адамгершілік, имандылық, ел бірлігі, ар-ождан т.б. туралы ой-толғаулары. Сыр өңірі ақын-жырауларының шығармалары жөнінде сөз еткенде, олардың шығармаларының өзіне тән сыр-сипаты, ерекшеліктері бар. Осы күнге дейін Сыр өңірі ақын-жыраулары поэзиясы зерттелді. Бірақ, біз



Сыр өңірі ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар тұрғысынан талдау жасап отырмыз. Мақалада дидактикалық поэзия дәстүрінің көрнекті тұлғасы Жүсіп Ешниязұлының лирикалық өлеңдеріндегі философиялық-дидактикалық сарындар ақынның даралығын және шығармашылық ортасына тән шеберлік дәстүрі мен педагогикалық көзқарастары дәстүр жалғастығы заңдылығы бойынша алынып бағаланды.

**Түйін сөздер:** философия, педагогика, дидактика, ақын, жырау, шайыр, сүлей, Сыр өңірі, насихат, дәстүр, дүниетаным

© А.Т. Тулебаева<sup>1\*</sup>, М.К. Айтимов<sup>1</sup>, Ш.М. Майгелдиева<sup>1</sup>, Н. Йылдыз<sup>2</sup>,  
2024

<sup>1</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан;

<sup>2</sup>Университет Кажы Байрам Вели, Республика, Анкара Турция.

E-mail: [aidyn42@mail.ru](mailto:aidyn42@mail.ru)

## **ФИЛОСОФСКО-ДИДАКТИЧЕСКИЕ МОТИВЫ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ В ТВОРЧЕСТВЕ ПОЭТОВ ЗЕМЛИ СЫРА (НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ЖУСИПА ЕШНИАЗУЛЫ)**

**А.Т. Тулебаева** — Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: [aidyn42@mail.ru](mailto:aidyn42@mail.ru)

**М.К. Айтимов** — Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: [mak0307@mail.ru](mailto:mak0307@mail.ru)

**Ш.М. Майгелдиева** — Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда,

Казахстан E-mail: [sharban56@mail.ru](mailto:sharban56@mail.ru)

**Н. Йылдыз** — Университет Кажы Байрам Вели, Республика, Анкара Турция

**Аннотация.** На современном этапе нашей истории, когда страна с приобретением суверенитета начала возрождать своё духовное богатство, необходимо пересмотреть и переосмыслить некоторые актуальные проблемы литературоведения, казахской литературы и, в частности, казахской поэзии, в которой отражена истинная картина судьбы народа и его национальных интересов. Одним из вопросов, требующих всестороннего рассмотрения, является вопрос о философско-дидактических мотивах в творчестве поэтов-жырау, которое берет своё начало в литературе эпохи казахского ханства. Традиционная казахская философия, мировоззрение, если сравнивать с западной и восточной философией, имеют свои отличительные черты. В своих произведениях-толгау (размышления) поэты-жырау размышляют и призывают

народ к единству, человеколюбию и нравственности. Произведения акынов-жырау земли Сыра характеризуются своими специфическими чертами и особенностями. Поэзия поэтов нашего региона является предметом многих исследований. Авторы рассматривают поэзию поэтов-жырау с точки зрения отражения в ней философского мировоззрения и педагогических взглядов. В данной статье анализируются лирические стихи выдающегося представителя традиционной дидактической поэзии Жусипа Ешниязулы, рассматриваются его педагогические взгляды, индивидуальность и мастерство поэта, закономерности преемственности и традиций в его творчестве.

**Ключевые слова:** философия, педагогика, дидактика, поэт, жырау, сказитель, земля Сыра, назидание, пропаганда, традиция, мировоззрение

### Кіріспе

Жұмысты жазу барысында Сыр өңірі акын-жыраулары мұраларының философиялық дүниетанымы мен педагогикалық көзқарастарын зерттеуде дәстүрлі ғылыми сипаттама мен герменевтика (түсіндіру, талқылау) әдістерін басшылыққа алып және өзара үндестігін анықтауда салыстырмалы әдісті қолдана отырып, рухани-адамгершілік пен адамзат бойындағы азаматтық тәрбиесіне, тәрбие беру үдерісін ізгілендіруге баулу қамтылды.

Дидактикалық поэзия дәстүрін әрі ұлттық, әрі әлемдік әдебиет ерекшеліктері тұтасуы жағдайында қарастыру Қазақстанның жана тарихындағы мемлекеттік бағдарламалар талаптарымен үндеседі. Әлем халықтарының сөз өнері мұраларында адамдарға ақыл-кеңес, өсиет, тілек, бата, ұсыныс, дара ақындық поэзияда да, жазбаша әдебиетте де поэтикалық өрнектері шебер үйлесімділікпен өрілген кестелі өрімі, мағыналары астарлы оралымдармен айтылады.

Сыр өңірі акын-жыраулары шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі дидактикалық әдеби дәстүр аясында бағаланады. Ақындардың лирикалық-дидактикалық өлеңдері, айтыстары, дастандары бәрі де ұлттық және жалпы әлемдік көркемдік үрдістердің философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастар ұстанымдарын аңғартады. Демек, тарихи өзгерістер, қоршаған орта, адам болмысы, ел ертеңі мен бүгініне байланысты ой-толғамдар акын-жыраулардың дүниетанымы болған.

«Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жастар екендігі мәлім. Олардың қамын ойлау педагогтардың кәсіби және адами парызы. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы, парасатты тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-бабадан мирас боп жеткен құндылықтармен етене таныстыру қажет» (Кәрібозұлы және т.б., 2019: 168).

Қазақ әдебиеті дамуының негізгі көркемдік-эстетикалық желісі – философиялық, педагогикалық-дидактикалық әдебиет дәстүрі. Адамгершілік-имандылық тәрбиесінің негізгі құралы болып қалыптасқан поэзияның рухани қызметі дидактикалық-философиялық тереңдіктермен ұрпақтарды тәрбиелеп келеді. Мысалы, Жүсіп Ешниязулының насихат өлеңдерінде («Әлеумет

келді жиналып», «Адамдық пен надандық», «Өмір сырлары», «Жақсыдан есте қалған бір ауыз сөз», «Тіл ал!») ата-бабалар қалыптастырған ұлағат жолы жырланған. Ақын өлеңдерінің негізгі идеялық түйіндері — фәнидегі адамгершілік жақсылықты таныту, бақидағы имандылық игілігін ұлықтау. Бұл – ұлттық поэзиямыздағы Абай дәстүрінің көрінісі. Шығыстың классикалық әдебиетіндегі ағартушылық насихат өлеңдері психологиялық көңіл-күйдің күрделі болмысын байқатады. Ақындардың насихат өлеңдеріндегі психологиялық сарын лирикалық сыршылдықтың тереңдігін танытады.

### **Материалдар мен әдістер**

Сыр өңірі ақындарының насихат өлеңдерінде автор – кейіпкер – тыңдаушы бірлігі жүйесі сақталады. Бұл бірлік Қожа Ахмет Иасауидің, Ахмет Йүгінекидің, Жүсіп Баласағұнның, Абайдың шығармаларында және т.б. дидактикалық-философиялық туындыларда («Кабуснамада» да, мақал-мәтелдерде де, қара өлеңдерде де, жыраулар поэзиясында да) жалғасып келеді. Философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастар көрініс табатын өлеңдердегі мұндай сабақтастық поэтикалық қуаттылығымен байқалады.

Айтушы өз заманының идеологы ретінде тыңдаушыларды сөзбен ұйытқан. Демек, айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас диалектикалық заңдылыққа сай дамып отыратын күрделі таным болған.

Сыр өңірі ақын-жырауларының насихат өлеңдерінде қазақ халқы ұрпақтарының бір-біріне қамқор болып, барша жанға жайлы, кішік, сабырлы мінез бен береке, татулық отын жағып, ынтымақты болу ұлағаты жырланған. Зерттеу материалы ретінде Сыр өңірі ақын-жырауларының шығармалар жинағы алынды.

Дәстүрлі ғылыми сипаттама мен герменевтика (түсіндіру, талқылау) әдістерін басшылыққа ала отырып, өзара үндестігін анықтауда салыстырмалы әдісті кеңінен қолдандық.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Философ ғалымдар Д.Кішібеков пен Ұ.Сыздықов «Философия» атты еңбектерінде философияның қыр-сырын аша келе: «Философия – бүкіл адамзаттың даналық ой-пікірі, толғамы, дүниетанымы, көзқарасы» (Кішібеков және т.б., 1994: 341) – деп тұжырым жасайды. Демек, қазақ әдебиетіндегі философиялық сарындағы шығармалар дегенде – біз қазақ ақын-жыраулардың өз заманындағы тарихи өзгерістерге, қоршаған ортаға, адам болмысына, елінің бүгіні мен ертеңіне байланысты ой-толғамдарын, берген бағасын, дүниетанымдарын айтамыз. Сондықтан ақын-жыраулар – өзінің рухани болмысымен (қолымен, тілімен, жүрегімен, бүкіл ішкі жан дүниесімен) үнемі сұхбаттаса жүретін психологиялық сыры күрделі тұлғалар. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетаным (ата-бабалық мекендерді ардақтау, елді тұтастырған хандарды даралау т.б.) Қазақ хандығы мемлекеттігін айғақтайтын тарихи адамдар мен географиялық атауларды дидактикалық мазмұнмен жырлаудың поэтикалық қуатымен айқындалады.

Белгілі педагог-ғалым С. Қалиев зерттеу еңбегінде: «Қазақ жырауларының

толғау-тебіреністері, қанатты сөздері өзінің тәлімдік шарапаты жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани эстетикалық, отаншылдық мәні жағынан да аса маңызды болды. Жыраулар жауынгерлік заманда хандар мен бектердің, қолбасшы батырлардың ақылгөй-кеңесшісі болып, жорыққа бірге аттанды, рутайпаларына басшылық етіп, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті»-деп тұжырымдайды. (Қалиев, 1990: 86).

Ақын Жүсіп Ешниязұлының шығармашылығы – қазақтың философиялық ой-толғамдарының жаңаша сипатымен танылады. Ақын – тірлік қозғалыстарын жан дүниесімен қабылдайтын, айрықша тіршілік иесі. Ол өзінің жырларында жаратылыстың ерекше құбылыстарын, ұқсас қасиеттерін, сырларын өлең жолдарына арқау етеді. Халқының психологиялық болмысын терең сезіне білген ақын жұртының қуанышын да, қайғысын да сезіне отырып, жырларының өзегіне айналдыра білген.

Ғалым Б.Кәрібозұлы «Оның өлеңдері өнеге боларлық, тағлым аларлық, ғибраттылық мәнімен ойды көркемдеп нақышты сөздермен жеткізетін бейнелілігі, тартымдылығымен құнды болған. Насихат өлеңнен сол замандағы қоғамдық көзқарастар, арман-мұраттар, халықтың адамгершілікке, ерлікке, әділдікке ұмтылысы, жақсы мен жаманды қалай түсінетіні айқын танылады» дейді (Кәрібозұлы және т.б., 2020: 320).

Ақын өлеңдеріндегі негізгі идеясы – адамзат баласының бойындағы адамгершілік қасиеттер. Оның мәні мен мағынасын түсіндіру, оны о дүниедегі имандылыққа ұластыру, яғни ежелгі түркілік дәуір әдебиетінен үзілмей жеткен сопылық дүниетаным дәстүрінің жалғасы.

Ал, Ә. Мұханбетжанова өз еңбегінде бала тәрбиесі туралы: «Азаматтық-патриоттық тәрбие – адамға заң, әлеуметтік, адамгершілік және саяси жағынан өзін кәдеге жарамды сезінуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның интегративті қасиеті ретіндегі азаматтық құлқын қалыптастыру» - деп бағамдайды (Мұханбетжанова, 2011: 368).

Жүсіп Ешниязұлының бірқатар өлеңдері саяси-әлеуметтік, азаматтық сарында жырланады. Ақынның азаматтық-философиялық мазмұндағы кейбір лирикалық өлеңдері («Өткен заман») қазақ тарихының Ресей патшалығының отаршылық, Қоқан хандығының басқыншылық саясаты үстемдік еткен кезеңдер шындығына арналған. Ақынның мұндай өлеңдеріндегі зар заман поэзиясымен үндес ойлары сыншыл сарынды поэтикалық дәстүрді аңғартады.

Ақын Қоқан хандығының озбырлық іс-әрекеттерін, яғни өктемдік, зорлық-зомбылықты жырларында реалистікпен бейнелейді. «Өткен заман» өлеңінде:

*Өткен заман бізді Қоқан билеген,  
Саз балшықтай табанымен илеген...  
Сарттың бегі қабақ түйіп сұстанса,  
Сорлы шаруа саулы інгендей күйлеген.  
Жылда алып екі зекет зарлатып,*

*Ондай өртке ел қалған жоқ күймеген.  
Жақсы ат болса әкімдердің астында,  
Жорға, жүйірік жерге аяғы тимеген.  
Әйелдерді тоқалдыққа алыпты,  
Болса-дағы қалап өзін сүймеген.  
Талай жастың күні өткен жылаумен,  
Ерке нардай иесіне имеген (Ешниязұлы және т.б., 2009: 376).*

Қазақ халқына келген ауыр зардаптарды, Ресей патшалығының қарауында болған кезеңдерді ащыда болса өлеңдеріне арқау етті. Осы өлеңінің әрбір жолында сол кезеңді мағыналы сөздермен заман шындығын шынайы көрсете алған.

Сыр өңірі ақындарының педагогикалық-психологиялық сыршылдығы өлеңдердің бәрінде де үнемі тұрақты өріле жырлануымен сезіледі. Ақындардың нақыл өлеңдері – құбылыстардың қайшылықтарын салыстыра, шендестіре бейнелейтін шығармалары философиялық поэзияның қалыптасуында осы заңдылық тұрақты негізге алынған. Ақындар тұрмыс қайшылықтарын нақыл өлеңдер желісінде поэтикалық мағыналы бейнелі өрнектермен бейнелейді. Мысалы, Жүсіп Ешниязұлының нақыл өлеңдерінде («Ешниязұлы Жүсіптің термесі», «Кете Жүсіптің Тұрмағамбет пен Омарға жазғаны», «Қызығы бұл дүниенің мал менен бақ», «Ұстаз», «Сыр бойының сүлейлері» және т.б) халықтық педагогикалық ойлар жүйеленген. «Жолына жұмылайық жұрт болудың!» өлеңіндегі педагогикалық көзқарас, салт-дәстүрдегі дидактикалық-гуманистік ұлағатты танытады.

*Астына жинал, жұртым, бірлік тудың,  
Ер болса, келді кезі ұмтылудың.  
Халық едік қаңғалаған жол таба алмай,  
Жолына жұмылайық жұрт болудың!  
...Орынсыз азатыңды күндесеңдер,  
Зәрінен жығыларсың жалап удың.  
Халық қамын ойлаушыға бер тізгінді,  
Сөзіне сумаңдаған ерме қудың! (Ешниязұлы және т.б., 2009: 376).*

«Кете Жүсіптің Тұрмағамбет пен Омарға жазғаны» атты өлеңіндегі ойлар философиялық тереңдіктермен байқалады. Ақын адамзаттың ұрпақтар жалғастығы жүйесіндегі замандар бойы желісі үзілмеген мәселелерді жырлайды. Осы өлеңінде мағыналы өсиеттер айтылады. Мысалы:

*...Бедеудің иман атты беріп жемін,  
Жалғанда жарастық сол жалын өрсең.  
Секілді тағат – атаң, сауап анаң,  
Аштық жоқ қанағатпен сүтін емсең.*

... «Ат кейін қалдырам» деп арамдық қып,  
Тұрса ұят ақыретте түсіп еңсең.  
Аз өмір жалғанышыға әуеленіп,  
Шіркінде не қызық бар, бір күн өлсең?!

(Ешниязұлы және т.б., 2009: 376).

Ақындардың терме-толғаулары – қазақтың ауызша және жазбаша дәстүрлі ақын жыраулары шығармашылық тұтастығының көрсеткіші. Дидактикалық-педагогикалық поэзияға фольклор мен әдебиеттің қасиеттерін тоғыстырған терме-толғау өлеңдері өмір құбылыстарын, қозғалыстарын философиялық, көркемдік-эстетикалық таныммен жинақтап жырлауымен маңызды.

Жүсіп Ешниязұлының терме-толғауларындағы («Адамдық пен надандық», «Қосынды артсаң аумайды», «Сыр бойының сүлейлері» т.б.) азаматтық, адамгершілік тәрбиесі хақындағы философиялық дүниетаным, педагогикалық көзқарастармен әлеуметтік ортаның қарама-қайшылықты құбылыстарын сыншыл реалистік тілмен жырлауы Дулат, Махамбет, Абай, Шәкәрім, Міржақып өлеңдерімен сарындас.

Қазақ поэзиясының тарихындағы хакім Абайдың, Шәкәрімнің, XV–XVIII ғ.ғ. жыраулар жырлары мұраттарымен Сыр бойы ақын-жыраулар толғауларының үндес жатуы тарихи-рухани байланыстың, түркілік рух сабақтастығының көрсетеді. Ақын-жыраулар мұсылманшылықты дәріптей отырып, келешекке деген нық сенімді насихаттайды.

Ақын-жыраулардың терме-толғауларындағы бейнелі, меңзеулі, метафоралық-символдық бейнелеулер хайуанаттардың, тұрмыстық заттардың, табиғат құбылыстарының сапалық қасиеттерін адамдардың мінез-құлық ерекшеліктерімен үндестіреді. Адамдардың сапалық саралануына, терме толғаулардың дидактикалық сипатындағы қазақ тұрмысының ұлттық этнографиялық болмысы негіз болғаны айқын. Бейнелі өрнектер қазақтың көшпелі тұрмысындағы материалдық және рухани мәдениет қазынасын байқатады. Мысалы, Жүсіп Ешниязұлы ақын адамгершілік қасиеттерді саралап, жүйелеп, метафоралық-символдық, бейнелілік өрнектерімен философиялық дүниетаным, педагогикалық көзқарас ойларын жырлаған.

*Қосынды артсаң аумайды  
Бөкен санды үлекке  
Борасында қар түспес,  
Қалың қарлы түбекке.  
Балдағы алтын айбалта  
Күш келтірмес білекке (Жүсіп, 2003: 236).*

Жүсіптің «Сыр бойының сүлейлері» атты терме-толғауында өзінің халық алдындағы азаматтық парызы, сонымен қатар басқа да ақын-жыраулардың өнегесін кейінгі ұрпаққа ұлықтау кеңінен насихатталады.

*Барыңды базар ет, көңілім!  
Халық келді саған жиылып!  
Есендікпен қауышып,  
Кездескен соң аға-іні,  
Төбеммен қызмет етейін,  
Талшыбықтай иіліп.  
Аңсап жүрген ағадан  
Жалтаңдасам жай айтып,  
Арылмайтын көп өкпе,  
Үстіме қалар үйіліп.  
...Ел ішінде атақты,  
Даңқты талант шайыр көп,  
Шопандай бағыт дүрлікті,  
Алдына жүрген иіріп (Жүсіп, 2003: 236), -деп жырлайды.*

Жүсіп ақынның өлеңдерінде қазақ халқының ата-бабалар қалыптастырған ұлағат жолы насихатталып отырған. Ақынның «Әлеумет келді жиналып» өлеңінде адамдарға міндетті адамзаттық парасат, халық алдындағы борышы, рухани қызметі, парызы үлгі етіледі.

*Әлеумет келді жиналып,  
Хикаят сөйле, молда Жүсіп!  
Тәкаппарлық өте жаман,  
Көтерме көңіліңді кеуіп-пісіп!  
Халыққа адам жақпайды,  
Көзіңді көріп мақтайды.  
«Оздым-ақ жұрттан» деп жүрген де,  
Пісентіңе палау пісіп (Ешниязұлы және т.б., 2009: 376).*

Ақын өлеңдеріндегі ағартушылық мұраты барлық адамдарға тәлім-тәрбиелік маңызы бар насихат түрінде жырланып отырған. Ақынның бойындағы ең мықты қасиет – сөз күдіретін түсіну, оны халыққа жеткізе алу. Жүсіп ақын осы өлең шумақтары арқылы өз ойын жеткізе білді. Ақынның осындай өлеңдері философиялық мазмұндағы азаматтық, адамгершілік тәрбиесін жырлауымен ерекшеленеді.

Сыр өңірі ақын-жырауларының этнографиялық сипаттағы аңшылық тақырыбындағы лирикалық өлеңдері де қазақтың этнографиялық дәстүрінің ұлттық бояулы ұлағатын романтикалық-реалистік болмысымен байқатады. Қыран бүркіт, аңшының тұлпары, аңшыларды қарсы алған ауыл, ауылдағы отбасылар бірлігінің берекелі сипаты поэтикалық бейнелі өрілімдермен кестеленеді. Мысалы, Жүсіп Ешниязұлының «Бүркіт сыны» өлеңінде құсы да, тазысы да, астына мінген көлігі де сайлы аңшы қазақтың тұлғасы іспеттес бейнеленген. Өлеңде «Тазының әдіске үйір сағын», «еті семіз, қалың жал, қабан құлақ, жабы» атты, «Көсеудей ұшын сүйір етіп жонған, тобылғы қамшысының



сабын», «Төрт тармақ аяқ баудың сәні сымдананы» ұстаған, «Аң салып жүретін сабы» бар, түйе жетелеген көмекші баласы бар аңшының бүркітпен аң ұстайтынын суреттеуде де романтикалық бояулармен бейнелеген. Сондықтан философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастар ақын-жыраулар поэзиясының негізгі дінгегін құрайды.

«Бүркіт сыны» өлеңінде бүркітімен, тазысымен аң аулаудан оралған аңшыны қарсы алған ауылдағы психологиялық хал-ахуал («Жері от, мал суарар қағы»), ауыл тұрмысы, аңшының әйелі («Тауық тамақ, қыпша белді»), «Қамқоршы шал» мен оның кемпірі («Мінезі ауыр, сөйлемейтін, қиғаш қас, қабақ шытпас пары») бәрі де қазақ отбасының ұлттық бояулы сипаты: шығарманың идеялық түйіні – жиырма бес пен жетпіс жас аралығындағы адам ғұмырын қыран бүркіттей биіктік самғауы тұрғысында философиялық бағалау, дүниетанымдық сипаты сараланған.

*Қынжылмай қызметіңе бәйек болып,  
Күләндам ол сабаздың намы болса.  
Елеуреп етегіңе оралғандай,  
Баланың бағасы артық шамы болса.  
Өткізіп отызды да осыменен,  
Қынжылмай қырықта қылау әлі болса.  
Бейнетті өлгеніңше істетпейтін,  
Елуде ердің құйрық-жалы болса.  
Алпыста ат шығармай артық мұнан,  
Аузында әділдіктің зары болса.  
Жетпіске жеткізсе егер бұл дәуірмен,  
Сұлықтан сатып алма, дәрі болса* (Ешниязұлы және т.б., 2009: 376).

Ақын-жыраулық поэзиясындағы философиялық дүниетаным қоршаған ортамен тығыз байланысты. Ақындық-жыраулық поэзияның негіздері адамзат дүниетанымның тіршілікті тану, түстеу, жорамалдау қасиеттерімен сабақтас. Ақындықтың қонуы туа бітетін зерделілік қасиетке байланысты. Ақындық – шежірелік ата текті де, философиялық дүниетанымды танытатын ерекшелік. Ақын қоғамның мақсат-мұраттары шеңберіндегі жалпы адамзаттық мүдделерді дамытады.

«Жүсіп Ешниязұлы өзі өмір сүрген заманының қайшылығын, оның себептерін анық аңғарып, үстемдік етуші саяси жүйеге қарсылығын ашық айтып, елінің тәуелсіздігін аңсап өткен ақын. Шығармаларындағы ақынның дүниетанымдық ой-толғамдарының қазіргі кезде де қоғам үшін мағыналық мазмұны зор дүние және халық арасында кеңінен насихаттауды қажет етеді»- дейді (Кәрібозұлы және т.б., 2018:128).

Философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарасты танытатын мақсат жырларының құрылымы мынадай жүйемен танылады: тақырыбының тарихилығы, өзектілігі. Тақырып – халық. Бұны ол түрлі ойының көрінісі,



әдіс-тәсілдермен баяндайды. Жырлардың мазмұны тақырыптың эстетикалық базасы айқындалады. Тіршіліктің әлеуметтік маңыздылығы түсіндіріледі. Тыңдаушыларға сәйкес белгілі бір тақырыптар жүйеленеді. Ақындар педагогикалық барлық әсер ету тәсілдерін шығармашылықпен қолданады. Тыңдаушылар психологиясын игеріп болған соң, халықтың азаматтық тарихын жырлау арқылы тәрбиелік ықпалын білдіреді. Ақындардың оқырмандары тәрбиелік мақсатты түсінуге тырысады. Оқырманның, тыңдаушының идеалды мақсаты өлеңдер арқылы орындалады. Тыңдаушылар – тәрбиелік жырларды ұрпаққа жеткізушілер. Ақын мен тыңдаушы арасындағы психологиялық байланыстарды тұтастыратын мәселе – халықтық мақсат-мүдде. Ақынның жыры – оқырмандарымен, тыңдаушыларымен тұтасқан құбылыс. Ақын-жыршы және тыңдаушы – рухани байланыстағы тұлғалар.

Сыр өңірі ақын-жырауларының көркем бейнеленуі – олардың өз туындыларында негізгі қаланған әдеби тұлға. Ал, олар жайындағы арнау-мадақ өлеңдерде ұрпақтарды тәрбиелеген, ұлттық ділді сақтаған шығармашылық тағылым дәріптелді.

Сыр өңірі – түркі өркениетінің алтын бесігі екендігі анық танылған аймақтағы ақын-жыраулардың мұралары ұрпақтар жалғастығы кезеңіндегі аса мәртебелі жаңа бағыттар болашағын көрсетеді. Ақын-жыраулардың жаңа толқын өкілдері әлем өркениеті кеңістігінде ата-бабалар қалыптастырған көркем ойлау дәстүрін жаңаша дамытатынына кәміл сенуге болады.

### **Қорытынды**

Жинақтап айтқанда, қазақ әдебиеті дамуының, негізгі көркемдік – эстетикалық тіні – дидактикалық әдебиет дәстүрі фольклор мен әдебиеттің адамгершілік тәрбиесінің негізі құралы болып қалыптасқан рухани қызметі ақын-жыраулар шығармаларының дидактикалық-философиялық тереңдіктері арқылы танылады.

